

# егемен Базақтыан

## Кененнің қызы

Жақсының жаратылысы бөлек, тектінің тегеуріні мықты. Болмысы бүтін, сөзі нәрлі, мінезі мінсіз. Кең пішілген, бәрін сезіп тұрасың пішінінен. Аспайды, таспайды. Тыңдай біледі. Тыңдата алады. Мен осының бәріне: «Кенеке, сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне, ғұлама жырау әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз», деп ұлы Мұхтар Әуезов бағалаған, «Салдық, серілік дәстүрдің ең соңғы шыңы – Кенен» (Ақселеу Сейдімбек) деген күміс көмей, жезтаңдай, сөзі балдай Кенен Әзірбаевтың қызы Төрткенмен әңгіме үстінде көз жеткіздім.



Серінің тұқымы емес пе, сексеннің сегіріне шықса да, арғы-бергі тарихты, көзін көрген, айтқандарын көңіліне түйген қазақтың небір жампоздары туралы ой өрбіткенде – өренді өсіріп, көңіліңнің көкжиегін кеңейтеді. Қазақтың Кененін ата деп кеткен Алатаудай ардақты әкесі жайлы, ол кісі қадір тұтқан замандастары мен інілері туралы ағынан жарылғанда зерделі жанның зеректігі тәнті етті. – Алатаудың баурайынан баяғы замандағыдай ат арылтып, тон тоздырып келмесек те құстай ұшқан жақсы дәуірдің көлігімен Мырзатайдай (Жолдасбеков) бауырымның сексен жылдығына арнайы жетіп едім. Астананың төрінде өткен кешінде болдым. Аста-төк мақтау сөздің орнын ән мен күй басты. Бәрі өзінің туындылары екен, керемет. «Тірі» концертті көріп бір жасап қалдым. Өлі дауыстан әбден қалжырадық қой. Ұлттық сазға аңсарың ауып барсаң, құдай-ау, өздерін өздері жұлып жеп, күйіп-жанып, өліп-талып тұрғандар жұртты ақымақ дей ме, дауыстары жоқ, қимылдары көп. Құлағың тұнып, басың зеңіп, керең болып қайтасың. Бұрын залдың ішінде емес, дала сахарасында ән айтқанды естіп отырушы едік. Кейбір айғай-сүреңге қарағанда, олардың даусы кем-ау шамасы. Қолдан жасап алады дейді. Содан да болар мәні жоқ, мәнері келмейді. Қайдам, ұлттық әуенді еліктеп-солықтағандардың уысына беріп қойдық па деген бір ой мазалайды. Осыны ел болып ойлану керек те шығар. Ардақты Кенекем деп сыйлаған Мырзатай атамның кіндігінен жаралмаса да ол кісінің жан дүниесін, болмысын керемет түсінді. Содан да болар әкем бізден гөрі Мырзатайға көп сенім артты. Кенен Әзірбаевтың мұрасын жүйелеген Мырзатай еді. Оны айтпау мен үшін күнә секілді. Мына жалған дүниеден аттанатынын білген атам соңғы сөзі мен соңғы әнін «Қалады-ау» деп атады. Осыдан кейін санаулы күн өткізіп барып өмірден озды. Сол соңғы өлеңі мен соңғы әнінен үзінді келтіре кетейін. «А-ау! Қайран елім, туған жерім, Ажал жетсе қалады-ау, Қара көрге, қатты жерге, Халқым шулап салады-ау. Жалғыз «көйлек» еншім тимек, Жалаң аяқ, жалаң бас. Есіл тәнім, салтанат сәнім, Жер астында қалады-ау. Жарым, балам, іні-аға, Жора-жолдас қалады-ау. Ақ домбырам, қағаз-қалам, Серік болған қалады-ау. Қимас достар, тең құрдастар, Кәрі, жастар қалады-ау. Бірге жүрген, ойнап күлген, Замандастар қалады-ау, Қала-дала, сай мен сала, Жүрген жерлер қалады-ау, Тау мен тастар, тартқан көкпар, Әріптестер қалады-ау. Сыңғыр қаққан, сырын айтқан, Күміс бұлақ қалады-ау. Жалғыздығың, шықпас үнің, Тап сол жерде болады-ау» деп осылайша кете береді. Мен бұл өлеңді түңілту үшін емес, ойланту үшін, аз ғұмырда сыйласып жүру қажет екенін аңғарту үшін мысал ретінде келтіріп отырмын.

– «Екі Кенен тумайды, Алатауға ексең де», деп өзі айтқандай әннің де, жырдың да, сөздің де, ұлтқа тән үлгінің де – бәрі, бүтін болмысы, ең аяғы ақ күмістей салалы сақал-мұртымен де нағыз қазақтық қалыптағы тұлға Кенен Әзірбаев екені анық. Сол қасиеттерімен қадірі артқан абыз Кененнің өткен өміріне аз-кем шолу жасап көрсеңіз деген тілек бар.

– Атам екі ғасырдың жақсылығын да, қиындығын да тез көрген адам еді. «Балаларым, балдырғаным, Сүйсем мейір қандырғаным», деп өзі айтқандай, әкем балажан кісі еді. Бірақ өмірге келген баласы қара табан болған кезде де, өмір есігін аша салып та ғайыптың құсындай «ұшып» кете беріпті. Ол атама аз азап артпағанын, тұңғыық шер мен зар әкелгенін жұрт біледі. Бөленген бақыты да мол болды. Біздің бетімізден қақпады. Бірақ «Мен халық ақыны болдым, сендер сол халықтың адал баласы болыңдар», деп тәрбиеледі. Соны орындадық-ау деймін. Алла атам мен анама баланы бермей қоймапты, беріпті. Ауыр сөз болса да айтайын. Өле беріпті. Бір жұртта, бір күнде Базар мен Назар қайтқанда тілі

байланып ұзақ ауырыпты. Қатарынан төрт ұлын жер қойнына беріпті. Бір ұлының атын Тұрар деп қойыпты. Ол да тұрмапты.

– Лағынан айырылып, үні сембей маңыраған ақ ешкіге қосылып, «Базарым-ай, Назарым-ай», деп зарлап жүргенде сіз өмірге келіп, мауқын басыпсыз.

– Иә, «Бір кем дүние», деп Шерағаң (Шерхан Мұртаза) айтпақшы, сол бір кем дүниені толтырайын десе, Алланың баласы да, дүниесі де аз емес екен. Қазақ пен қырғыздың игі жақсылары қатар келіп, қайғысына ортақтасып көңіл айтқан кездер де болған ғой. Мен өмір есігін ашқанда екі елдегі қатарластары бауы берік болсын, өмір жасы ұзақ болсын десіпті. Тәңірім сол асылдардың ниетін қабыл алған-ау! Әкем ұлы Мұқан (Мұхтар Әуезов), ұлы Сәбең (Сәбит Мұқанов), басқа да әдебиет пен өнердің алыптарымен араласқан. Солардың бәрі де тілектес болыпты. Менің алдымда өмірге келген бауырларымның бәрі де талантты екен. Ұлдай тәтем биші болуды армандапты. 1936 жылғы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысқан. Күләш, Жамал, Шаралар оның қимылына қызыға қарапты. Ардақты апалары қолдап, өнер жолына түскелі тұрғанда атам «халық жауы» атанып, әпкемнің арманы орындалмай қалған. Ал Зұлхия деген тәтем жақ жоқ ақын болыпты. Он үш жасында топ жарып, айтысқа түсіп, қарсыласын бет қаратпапты. Көз тиген бе, сөз тиген бе, содан қатты ауырып, қайтпас жолға аттанған екен. Сәлдеп жатып: «Аялаған ата-ана, жөні басқа, Бұлбұл қонбас саясыз қу ағашқа. Осы аурудан қорқамын, түрі жаман, Биыл ғана толып ем он үш жасқа. Тас жармады, қызыл тіл, бас жарды ғой, Өлең айтып, айтысып шаршы топта. Алатау! Қайран елім қалады-ау», деп көзінің жасы алты тарам болыпты. Тұсына ілген кестелі тұскизді сипап жатып мына жалғаннан өте шығыпты. Е, өтті-кетті деген осы ғой. Мен өмірге келгенде атам мен апам «аузы күйген үріп ішеді» деп алдыңғы балаларындай өлтіріп аламыз ба деп, шыр етіп жерге түскенде кіндігімді балаларға балтамен шаптырыпты. Жетпіс, сексен, тоқсаннан асқан төрт кемпір, бір шалдың тақымынан өткізіпті. Біреуден бір қап тезекке сатып алдым деп, тымаққа салып керегенің басына іліп қойыпты. Атымды ырымдап Төрткемпірбіршал атапты. Әке-шешем қайтсе тірі қалады деп басқа сәбилеріне неше түрлі ат қойған. Бір қызының аты – Тілграмкүл екен. Соғыстың тұсы болса керек. Ол да ауырмай-сырқамай қайтыс болыпты. Кейін мектепте оқып жүргенде атым күлкі шақыра бастады. Оны әке-шешем көріп жүрді де, төрт кемпір, бір шалдың төртін қалдырып, өз атының кенін қосып, атымды Төрткен атады. Азан шақырып қойған атым – Төрткемпірбіршал. Менің осы уақытқа дейін жер басып жүруім, қайталап айтамын, көптің тілеуі, ата-анамның Алла көз жасын көруі, зарын естуі, мол шарапаты деп білемін. Академик Асқар Жұмаділдаев інім алгебрадан тапқан есебін «Төрткен» деп атап, атымды әлем оқымыстыларына танытты. Ризамын. Атамның әруағы қолдасын бауырымды. Менен кейін: «Сен туып ең, Жамбылдың батасынан, Суырып әпергендей қалтасынан, Мұңдар қу бас атанып жүргенінде, Сені берген айналдым Қордайдың жотасынан, Көркемжан», деп өзі шаттана жырға қосқан Көркемжан інім дүние есігін ашты. Оның соңынан Бақытжан ерді. Маған серік болсын деп ата-анам Айша деген қызды асырап алды. Оның шын аты Хамсият еді. Алапат жылдары біздің өңірге жер ауып келген көрінеді. «Атақты Сүлеймен Стальскийдің жақындарымыз», дейді екен қарғадай бала. Оны естіген әкем, «Бұл бала бір текті тұқымнан шыққан адам болды-ау, Стальскийді білуі соны көрсетіп тұр емес пе?» дейтін көрінеді. Анам болса «Қызым, бабаңды ұмытпа», деп тауқыметі көп тағдырға лағнет айтып, азаптың сан түрі болатынын өз өмірінен мысалдар келтіріп, жылап алады

екен. Хамсиятқа тіліміз келмей, Айша деп кеттік. Сол әпкем кейін бізге адал бауыр болды. Нәмет деген азаматпен шаңырақ көтеріп, ұл-қыз өсіріп, өнегелі отбасына айналды. Тумасаң да туған бауыр деген осы болар. Қатар жүрсек, жарасып кетеміз. Енді арамызды ұрпақтар жалғастырып отыр. Ақтамақ, Ақбілек деген сіңлілерім бар. Әке-шешеміздің, ел-жұрттың ниетіне келген ұрпақпыз. Біз соны өзіміз ғана біліп қоймай, кіндігімізден тараған ұл-қызымызға, олардан өсіп, бұр жарған бүлдіршіндерге де айтып отырамыз. Бәріне шүкіршілік етеміз.

– Кенен атамыздың «халық жауы» атанғанын айтып қалдыңыз. Сол туралы кейінгі ұрпақ біле жүрсе, артық болмас деп ойлаймыз. Бүгінгі күнге жету оңай болды дейсіз бе?

– Айтайын, бірақ есіме түссе жаным шошиды, төбе шашым тік тұрады. Қарағым-ай, ол да бір айтып болмас, қайтып келмесе екен дейтін қилы кезең еді ғой. Әке-шешем қашса да Құдай, қуса да Құдай депті. Бұл қазақ не көрмеді. Соның салқыны менің әкемді аяз болып қарыған. Үстінен құлаш-құлаш арыздар жазылып, неше түрлі пәле-жаланы мойнына іліпті. Сол сұмдықты әкем мен анам алпыс жыл бойы жасырып келіпті. Анам – «Қабағы ашық жазығым, Нәсиха – алтын қазығым. Бұл сөзімде желеу жоқ, Нәсихаға теңеу жоқ», деп атам жырлағандай өте ақылды адам еді. Бір күні «Алпыс жыл бойы жасырып келген, шемендей болып қатып қалған бір құпиям бар еді», деді. 1937 жылдың қысында Жамбыл, М.Қаратаев, әкем – үшеуі Шота Руставелидің 750 жылдық мерейтойына барып, елге келген күні өрімдей екі жас жігіт атамның қолын артына қайырып байлап, алып кеткенін көзі жасаурап отырып айтып еді. Үйдің астан-кестенін шығарғанда түк те таппапты. Анам сол кездегі Жазушылар одағының басшысы Мұхамеджан Қаратаев ағайға барып, араша түсуін сұраған екен, көмегін аямайтынын, жоғарыға әкемнің ақ адал екенін жеткізем деп жұбатыпты. «Халық жауының» үйі деп есігімізді ешкім ашпапты. Өз баласын қойып, ағайынның баласын мектептен қуып шыққан. Атама таққан айыптары: «Сен Ораз Жандосовтың досы, туысы екенсің. Оған арнап өлең де, ән де шығарыпсың. Не істе десе, соны істепсің, сонда сен кімсің? «Халық жауысың». Рас қой?! Онда осының бәріне рас деп қол қой», деп қинаған екен. Әкеме көрсетпегендері қалмапты. Өлімші етіп сабапты. Оразға арнаған өлең мен әнін орындатып алып: «Оразжан, серкесі едің Жетісудың, Жасыңнан талаптанып оқу қудың. Ерағаң алдындағы Тоқаш өліп, Екеуің Жұбанышпен егіз тудың. Қош, аман бол, Оразжан», деген жолдарға келгенде жемдеттер: «Көрсетейін мен саған Оразды, Оразшылын мұның», деп айғайлап, жын соққандай қалшылдапты. «Бас салып мені тепкіледі-ау келіп, мылтықтың дүмімен ұрып, тісімді сындырғанын білемін. Арғы жағын білмеймін. Ес жия алмай көп жатыппын. Келесі күні тағы тергеу: «Сен байдың тұқымы екенсің ғой, шыныңды айт жаныңның барында», деген қатыгез қысымды анам көзіне жас алып отырып айтқаны бар. Көкшолақ мініп жалшы болып жүрген сорлы әкемді осылай қинапты. Сөйтіп бір жылдай уақыт өткенде «Әзірбаев сыртқа шық!» деген өктем дауыс естіліпті. Қасындағылармен қоштасып жатқанда біреуі: «Кенеке, атуға шақырғанда қолдарындағы қағаздары көк түсті болушы еді. Бүгінгі қағаздарының түсі қызыл екен. Мүмкін босататын шығар», депті. Әлгі азаматтың айтқаны келіп, атамды түнектен жарыққа шығарып, есікті тарс еткізіп жаба салыпты. Айналасына қарап, түкті де көрмепті. Онымен бірге шыққан бір орыс алды-алдына қарамай қаша жөнеліпті. Соңынан менің әкем де тұра жүгіріпті. «Қол-аяғым ұзын ғой, жүйрік екенмін. Ағаштарды тасалай-тасалай жүгіріп қаланың сырты ғой деймін, ашық алаңға шығып кетіппін», дейді екен. «Достарым» деген өлеңінде айналасындағы сыйласқан азаматтарын

тізбелей келіп, соның «Сегізіншісі Қаратаев достың бірі, Кетеді шындықты айтса көңіл кірі. Қиындық көргенімде жәрдем берген, Себепкер жүргеніме ел де тірі», деп Мұхамеджан Қаратаев ағаның шарапатын еске салады. Иә, осыдан кейін атамның дәурені жүрді. «Көкшолағы Кененнің дүлдүл болды», деп өзі айтқандай, атамның үні шалқып, әуені ашылып, бұлбұл болды. – Шынында, әннің құдіретін, сөздің нарқын «Біле ме түсінбеген әннің парқын, Ән үні естіледі оған салқын, Жүрсем де сабау қамшы, салт атты боп, Таралған ел ішінде әнім қалсын», деп айтқан Кенен бабамыздың әні бүгінде халқының қазынасына айналды емес пе? – Халық қазынасына айналғаны анық. Ол кісінің өлең-жыры өз алдына. Ән мен күйден қалдырған байлығы жүзден асады. Біз солардың басын қосып, өз қаржымызбен ұнтаспа шығардық. Талантты сазгер сіңлім Балнұр Қыдырбек «Шырқа, даусым» деген әндер жинағын жұртқа ұсынды. «Мұқам, сазын өзгертпе, Еліктеп, еріп басқаға. Ән мұрам саған аманат, Домбыранды тастама...», деп атам аманат етіп кеткені белгілі. Соны қайтсем атқарамын деп жүргенде Жүсіпбек Елебеков атындағы Эстрада және цирк колледжінің директоры Ержан Қосбармақов жұмысқа шақырып, сонда он жыл қызмет еттім. Атамның бұрын орындалмай келген көптеген әндерін айналымға қостық. Сонымен бірге жұртқа белгісіз халық әндерін де жаңғырттық. «Кенен ата» деген кітап жазып, қалың қауымға ұсындым. Бақытжан інім де естелік кітабын жарыққа шығарды. Айгүл Өтен деген азаматша атам шығармашылығынан ғылым кандидаты атанды. Одан кейінгі жерде Іле ауданының (Алматы облысы) өзім секілді өнерлі замандастардың басын қосып, «Ардагерлер» ансамбліні құрып, қазірге дейін, әсіресе елді мекендердегі халықты ән-күймен сусындатып келеміз. Бұл ұжым да атамның алуан түрлі әндерін айтады.

– Алматыдан еңселі ескерткіш бой көтерді емес пе?

– Кенен Әзірбаев атындағы көшенің бойында ондай игілікті іс өз шешімін тапты. Оны жүзеге асырған Кенен ұрпақтары мен Кенен ауылының азаматтары екенін айта кетсем деймін. Ескерткішке қажет жерді де, яғни барлық шығынды өздері көтерді. Атам өмірден қайтқан күні бәріміз сол жерге жиналып, ардақты асылымызды еске аламыз. Өмірден кім өтпейді, бәрі де өтеді. Дегенмен ұлтқа белгілі адамның көзі кеткен соң, көп жағдайда іздеушісі, не жанашыры болмаса, қаға берісте қалып қоятыны мені көп ойландыратын болды. Атамның артында қалған қазынасы он том кітап болады екен. Мерейтойының тұсында келіскен төрт томдығы шықты. Оның таралымы аз екен. Бір данасына қолым әрең жетті. Шақырылған сыйлы қонақтар алған болар. Ал өнер жолында жүргендерге жете қоймады. Олар Кенен атасының кітабын менен сұрайды. Мен жағдайымды айтамын. Негізінен алғанда кітап солардың қолына тисе, атамның шығармалары жұртқа кеңінен жетері сөзсіз. Алдағы уақытта өнер адамының дүниесін өнер жолында жүргендерге, былайғы жұрттың пайдалануына мүмкіндік жасасақ, қане. Әшірбек Сығай білімді азамат еді ғой. Бір жолы опера халық туындысының негізінде жазылатынын айтып, Кенен әндері күлдіре де, жылата да, күңіреніте де, қуанта да алатынын, ендеше соның негізінде опера жазу керектігін жұрт талқысына ұсынған еді. Ол ойдағы идея да бір талантты ұрпақты күтіп жатқан секілді. Жамбыл қаласында Кенен Әзірбаев атындағы бір кинотеатр бар еді. Оны бір кәсіпкер сатып алып, атын «өшіре салды». Қордай ауданындағы ежелгі ауыл шаруашылық техникумына (қазір колледж атанады) атамның есімі берілген еді. Басшылық ауысқанда биографиясы мен жағырафиясы тура келмеді ме, ол да Әзірбаев атын «құлатып» тынды. Осындай жағдайлар әр жерде болып жатқанын естимін. Бұл кімді

де болса ойландыруы тиіс қой деймін. Жалпы, ұлт жақсысына айналған адам көпке ортақ қой. Оларды бір өңірге, бір ауданға, не бір облысқа теліп қою жараспайды. Абайды Семейдің, Жамбылды Алматы маңының, Мағжанды Қызылжардың, Иса Байзақовты Керекудің, Жұбанды Оралдың, Фаризаны Атыраудың, Әбішті Ақтаудың еншісіне бере қою қазақ үшін күнә секілді. Кененге арналған Республикалық ән байқауы тек Жамбылда ғана емес, әр жылы әр облыста, әр өңірде өтсе, қаншама талант қатарға қосылар еді. Ұлт асылы – ұлттың қазынасы, жұрттың дәнекері екенін естен шығармайықшы, бауырлар! Бұл біз секілді үлкендерге жүк болып тұрғандай. Сол жүкті кейінгіге қалдырмай, өзіміз атқарып кетсек екен. Тағы бір айтайын деген тілегім бар еді. Ол Жамбыл қаласындағы облыстық филармонияға Әзірбаев атын беру жайы. Бұл өтінішімізді тиісті орындарға жібердік. Үмітімізді үкілеп отырмыз.

– Кендей Кененнің сіздей зиялы қызы сексеннен асып, тоқсанға беттеп барады. Ана ретінде, әже ретінде айтарыңыз бар ма?

– Айтарым аз емес, екі ұл, екі қыздан он екі немере, он шөбере көріп отырмын. Алда еске салдым ғой, он жыл колледжде сабақ бердім деп. Сонда байқағаным, арғы-бергі дәуірлердегі өнер адамдары мен өнер туындыларына қатысты еңбектердің аздығы, шашыраңқылығы еді. Ахмет Жұбановтай ұлы тұлға керек болып тұр. Ұрпақ тәрбиесіндегі олқылықтар да жоқ емес, бар. Небір түрлі сұмдықты естисің. Басқаны қайдам, ұл-қыз тәрбиесіне жұрт болып жұмылуымыз керек тәрізді. Әркім өз баласының тілеуін тілейді. Ол да дұрыс шығар. Бірақ бәрінен ұлттың келешегі, ертеңі саналатын ұрпақ қымбат емес пе? Қазақы қалпымызды, ұлттық салтымызды сақтаймыз. Кейде өз замандастарыма да ренішімді ірікпей айтып қаламын. Өйткені алда келе жатқан біз – кейінгіге қазақ әйелінің, қазақ анасының бүкіл бітім-болмысын көрсетуіміз керек қой. Жастармен бірге еліктеп-солықтау бізге жат қылық. Жараспайды. Қанша жерден еуропалықтардай боламыз дегенмен бола алмаймыз. Өйткені жанымыз да, қанымыз да бөлек емес пе? Менің сексен жылдық мерейтойымды балалар атап өтті. Санаулы қалған замандастарымды да қасыңызда отырсын деп шақырды. Олар да мен сияқты ана, әже атанған. Бірақ кейбіреулері шалбарланып келіпті. «Бұларың не, көйлектерің жоқ па? Кейінгіге көрсеткен үлгіміз осы ма?» десем, «Сенің көрмейтінің жоқ», деп өз уәждерін айтады. Біздің балалық шағымыз соғысқа тұспа-тұс келіп еді. Сонда әйелдер шалбарланып жүріп шөп шапты, егін орды, мал бақты. Сол қиын кезеңде олардың алдындағы үлкендер жағы оны оғаш көріп, бұл неткен сұмдық дейтін. Қазір ондай заман емес қой. Сондықтан біздер ұлттық жолмен жүруге тиістіміз. Мені бұл жолға асыл анам салған еді. Қашанда бала тәрбиесі тікелей анаға қатысты. Осы күні қазақ тілін білмейтіндер туралы әңгіме аз айтылмай жүр. Қазақ баласының қазақ тілін білуі анасына тәуелді. Ақ сүтін берген ана өз тілін білсе, баласы сол ананың тілін білмейді деуге кім сене қояр екен? Анасы ана тілін білмесе, баланы неге кінәлаймыз? Тәрбие отбасында. Қайталап айтамын, ана мықты болуы керек. Әке түз адамы ғой. Қара киім киіп, тұмшаланып алғандарды көрсем, төбе шашым тік тұрады. Қазақ қашан қара киім киіп еді? Қашан шашын жайып жіберіп еді? Бұл екеуі де жамандықты шақырады деген. Күйеуінен жастай айырылғандар шашын жайып жіберіп жоқтайтын. Бұдан құтылудың жолы – қазақы қалып. Әрине мен ескіліктің шырмауында қал демеймін. Уақытқа қарай жаңар, жасар. Тек жат әдеттен аулақ бол. – Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Сүлеймен Мәмет